

# Н ТУЫ

ТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ  
ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

Жұма | Төтенше шығарылған номер | Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйым.

5 мартта кешкі 9 сағат 50 минутта ауыр науқастан кейін Совет Одағы Министрлер Советінің Председателі және Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің секретары

## ИОСИФ ВИССАРИОНОВИЧ СТАЛИН

қайтыс болды.


СТАЛИННИҢ мәңгі жасайтын есімі совет халқының және бүкіл прогресшіл адамзаттың жүрегінде әрқашан өмір сүреді.

### ІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ МНИСТРЛЕР СОВЕТИНЕН ЕТИНІҢ ПРЕЗИДИУМЫНАН ЛЕРІНЕ, СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ ЕКШІЛЕРІНЕ

ның—жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенттердің материалдық әл-ауқатын онан әрі жақсарту, бүгінгі қоғамның үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени қырыларын мейлінше толық қанағаттандыру Коммунистік партия мен Совет Үкіметінің әрқашан да ерекше қамқорлық жасаған ісі болғанын және болып отырғанын біледі.

Совет халқы Совет мемлекетінің қорғаныс қабілеті мен қуаттылығы артып, нығайып отырғанын, қандай агрессорға болса да күйреге тойтарыс беруге біздің әзірлігімізді үнемі арттыра беру үшін партия Совет Армиясын, Соғыс-Теңіз Флотын және разведка органдарын барынша нығайтып отырғанын біледі.

Совет Одағының Коммунистік партиясы мен Үкіметінің сыртқы саясаты бейбітшілікті сақтаудың және баянлы етулің, жаңа соғысты әзірлеу мен бастауға қар-





тығы ондаған жылдар бойы күресте сыннан өтті, бұл саясат совет елінің еңбекшілерін социализмнің тарихи жеңісторіне жеткізді. Совет Одағының осы саясатпен рухтанған халықтары партияның басшылығымен біздің елде коммунистік құрылыстың жаңа табыстарына қарай сеніммен алға басуда.

Біздің елдің еңбекшілері халықтың барлық топтары-

**Совет Одағының, Коммунистік партиясының, Орталық Комитеті**

**СССР Одағының Жоғарғы Советінің Президиумы**

5 март, 1953 жылы.

## Б Ю Л Л Е Т Е Н Ь

### И. В. СТАЛИННИҢ ДЕНСАУЛЫҚ ЖАЙЫ ТУРАЛЫ 1953 жылғы 5 марттағы сағат 16-да

Түн бойы және 5 март күнінің бірінші жартысында И. В. Сталиннің денсаулық жайы нашарлады. Мыйдың аса маңызды функцияларының бұдан бұрынғы бұзылуларына жүрек-тамыр системасы жағынан ауыр зақымданулар қосылды. 5 мартта таңертең үш сағат бойы тыныс алудың ауыр жеткіліксіздігінің белгілері байқалды, бұлар тиісті емге қиындықпен көнді. Таңертеңгі сағат 8-де жүрек тамыр қызметінің қатты жеткіліксіздігінің (коллапс) белгілері өршиді; қан қысымы төмендеді, тамырдың

соғуы жиіленді, өңің бозаруы артты. Төтенше емдеу шараларының әсерімен бұл белгілер жойылды. Таңертеңгі сағат 11-де алынған электрокардиограмма жүректің қорек артерияларында қан айналысы қатты бұзылып, жүректің артқы қапталында жеке-жеке өзгерістер болғанын көрсетті. (2 мартта алынған электрокардиограмма бұл өзгерістерді көрсетпеген еді). 11 сағат 30 минутта екінші рет ауыр коллапс болды, мұның өзі тиісті емдеу шаралары арқылы қиындықпен жойылды. Кейіннен жүрек-тамыр зақымдану-

лары біраз кеміді, дегенмен жалпы жағдайы өте ауыр күйде қалуда.

Сағат 16-да қан қысымы: жоғарысы —160, төмені —100; тамырдың соғуы минутына 120, аритмиялы, тыныс алуы минутына 36, температурасы 37,6 градус; лейкоцитоз 21 мың.

Емдеу кәзіргі уақытта негізінде тыныс алудың және қан айналысының, әсіресе коронарлық қан айналысының бұзылуларымен жүресуге бағыттталып отыр.

СССР Денсаулық сақтау Министрі А. Ф. ТРЕТЬЯКОВ

Кремльдің Емдеу -санитариялық басқармасының бастығы И. И. КУПЕРИН

СССР Денсаулық сақтау Министрлігінің бас терапевті профессор П. Е. ЛУКОМСКИЙ

Медициналық Ғылым академиясының толық мүшесі профессор Н. В. КОНОВАЛОВ

Медициналық Ғылым академиясының толық мүшесі профессор А. Л. МЯСНИКОВ

Медициналық Ғылым академиясының толық мүшесі профессор Е. М. ТАРЕЕВ

Медициналық Ғылым академиясының мүше-корреспонденті профессор И. Н. ФИЛИМОНОВ

Профессор И. С. ГЛАЗУНОВ

Профессор Р. А. ТКАЧЕВ

Доцент В. И. ИВАНОВ-НЕЗНАМОВ

Маркстің—Энгельстің —Лениннің —Сталиннің ұлы, жеңімпаз ілімі жасасын!

Біздің қуатты Социалистік Отанымыз жасасын!

Біздің қаһарман советтік халқымыз жасасын!

Совет Одағының ұлы Коммунистік партиясы жасасын!

**СССР Одағының, Министрлер Советі**

атеросклероз негізінде (И. В. Сталиннің денсаулығына) қан құйылды. Соның нәтижесінде денесінің оң жақ жартысы паралич болып, үнемі есіне танып жатты. Аурудың алғашқы күні-ақ нерв орталықтары функцияларының бұзылуы салдарынан тыныс алудың зақымданған белгілері табылды. Бұл бұзылулар күннен-күнге үдей берді; олардың ұзақ кідірісті оқтып оқтып тыныс алу дейтін (Чейн-Стокс тыныс алуы) сипаты болды. 3 мартқа қараған түнде тыныс алудың бұзылулары кей уақыттарда хатерлі болды. Аурудың алғаш басталуынан-ақ жүрек-тамыр системасы жағынан едәуір өзгерістер болғаны да, атап айтқанда, қан қысымының жоғарылығы, тамырдың соғу ритмінің жиіленуі мен бұзылуы (мерцательдік аритмия) және жүректің кеңеюі табылды. Тыныс алудың және қан айналысының үдей бұзылуына байланысты 3 марттан бастап кислород жеткіліксіздігінің белгілері пайда бол-

Кремльдің Емдеу  
СССР Денсаулық сақтау  
Медициналық Ғылым  
Медициналық Ғылым  
Медициналық Ғылым  
Медициналық Ғылым академия

**Советтік Социалистік Республикалар Одағы және Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті**  
**Иосиф Виссарьевич Сталиннің**  
**жерлеуді ұйымдастыру жөніндегі**

СССР Одағының Министрлер Советі мен Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті қаулы етті:

Советтік Социалистік Республикалар Одағының Министрлер Советінің

Председателі  
Коммунистік  
Комитетінің  
мүшесі ИОСИФ  
СТАЛИНДІ жерлеу

**Советтік Социалистік Республикалар Одағы және Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті**  
**ИОСИФ ВИССАРИОНОВИЧ СТАЛИНДІ** жерлеу жөніндегі қаулы қабылдады.  
ИОСИФ ВИССАРИОНОВИЧ СТАЛИННИҢ денесі салынған жерде Одақтар Үйінің Колонналы залына қойылды.



# Социализмнен коммунизмге өтудің алғы шарттары туралы

дың өзінде  
1.600-дей

☆  
Профессор Г. ВАСЕЦКИЙ

асан зор  
еттік ма-  
қарғын-  
ңыз бар.  
ші бесжыл  
жалары бес-  
сау және  
ін, шама-  
ді.

тары, я-  
мдық мен-  
ікпен ын-  
а көмекте-  
өндiргiш  
сәне олар-  
атын бас-  
етеді. Ха-  
қ салала-  
деуі осы-  
тік өнеркә-  
удің мұн-  
ғын тари-  
951 жылы  
9 жылғы  
цент бөл-

ын болып  
өркендеуін  
ге болады.  
1952 жыл-  
шығару  
ты қосып  
әсіп әнімі  
бір өзінде  
көмір мұ-

☆  
тын бұл түбірлі міндетін қалай орындау керек екенін көрсетті. Еліміздің социалистік ауыл шаруашылығын өркендетудің кәзіргі кезеңінде өндіргіш күштер мен өндіріс қатынастарының қарым-қатынасы қандай болатынын айта келіп, Сталин жолдас бұл қарым-қатынастың екі жағын — өндіріс қатынастарының өндіргіш күштер сыйпатына толық үйлесетінін және өндіргіш күштер мен өндіріс қатынастары арасында қайшылық бар екенін көрсетеді. Сталин жолдас былай деп жазады: «Өрине, біздің кәзіргі өндірістік қатынастарымыз мынадай дәурді басынан кешіріп отыр: олар, өндіргіш күштердің өсуіне әбден сәйкесе отырып, өндіргіш күштерді қаршытаған адыммен алға бастырып отыр». (Сонда, 69 бет). Бірақ, мұнан тіпті де, социалистік өндірістің бұл екі негізгі жақтары арасында белгілі қайшылықтар жоқ деген мағына тумады. Өндіріс қатынастарының дамуы өндіргіш күштердің дамуынан артта қалуы және артта қалатындығы себепті, қайшылықтар бар және болып отырады.

Өндіргіш күштер мен өндіріс қатынастары арасындағы қайшылықтардың Коммунистік партия мен Совет үкіметінің дұрыс саясаты нәтижесінде дау-жанжалға дейін бара алмайтындығы біздің еліміздегі, социалистік өндіріс әдісінің дамуының негізгі ерекшеліктерінің бірі болып табылады. Сталин жолдас былай деп үй-

аларын болуы керек. Мұндай система қазаның деревняға беретін өнімін ет-мықтап көбейтуді керек етеді, сондықтан бұл системаны ерекше асықпай, қалалық бұйымдардың қорлануына қарай енгізуге тура келеді. Бірақ оны тынбастан, бұлтарамастан енгізу керек, сөйтін товар айналысы өрісінің сферасын бірден-бірге қысқартып, өнім айырбасы өрісінің сферасын бірден-бірге ұлғайта беру керек» (Сонда, 96 бет).

Топтық-колхоздық меншікті жалпы мемлекеттік меншікке айналдыру процесінде, кәзір қала мен деревня арасында болып отырған елеулі айырмашылықты жою міндеті де орындалады.

Бесінші бесжылдық жоспарда белгіленген колхоздардың қоғамдық шаруашылығын онан сайын нығайту, ауыл шаруашылығының барлық тарауларын онан сайын өркендету және ауылшаруашылық өндірісін нығайту шараларының, товар айналысы орнына өнім айырбасын енгізу жолымен, колхоздық кооперативтік меншіктен жалпы мемлекеттік меншікке бірте-бірте өтуі жүзеге асыру үшін зор маңызы болады.

### III.

Сталин жолдас үйретіп отырғандай қоғамның мәдени өсуін, қоғамның барлық мүшелерінің дене және ой қаблеттерінің арттарашты дамуын қамтамасыз ететіндей дәрежеге жеткізу коммунизмге өтудің негізгі алғы шарттарының бірі болып табылады. Мұның үшін, деп көрсетеді Сталин жолдас, жұмыс күнін ең болмағанда алты сағатқа дейін, ал онан кейін

тұтас топтары шықты» (Сонда, 30 бет).

Елімізде социалистік өндірістің үздіксіз өркендеуі еңбек өнімділігінің тез артуынан айқын көрініп отыр. Ал еңбек өнімділігінің тез артуы — ең жаңа техниканы жетілдіріп кеңінен қолданудың нәтижесі ғана емес, мұнымен бірге қала, сол сыяқты деревня еңбекшілерінің мәдени-техникалық дәрежесінің үнемі артуының нәтижесі. Бізде өндіріс жаңашылдарының үлкен армиясы өсіп жетілді. Бұл армия өзінің арттарашты творчествосымен советтік ғылымды және техниканы байытуда. Бірақ мұнымен бірге, жұмысшылардың мәдени-техникалық дәрежесін инженер-техник қызметкерлердің дәрежесіне жеткізу үшін әлі көп жұмыс істеу керек болады. «Егер, — деп жазады Сталин жолдас, — жұмысшылардың жеке топтары ғана емес, жұмысшылардың көпшілігі өзінің мәдени-техникалық дәрежесін инженер-техникалық қызметкерлердің дәрежесіне дейін көтерген болса, не болып шығар еді? Біздің өнеркәсіп басқа елдердің өнеркәсібі жете алмайтын жоғары дәрежеге көтерілген болар еді». (Сонда 30-бет).

Коммунистік қоғам құрылысшыларының мәдениетін мықтап арттыру үшін, мұнымен бірге, Сталин жолдасының көрсеткеніндей, «...тұрғын үй жағдайларын түбірінен жақсарту керек және ақшадай жалақыны тікелей арттыру жолымен де, әресе, көпшілік тұтынатын заттардың бағасын онан сайын үздіксіз кеміту жолымен де жұмысшылар мен қызметшілердің нақтылы жалқысын кемінде екі есе тіпті одан да төрі көбірек, арттыру керек» (Сонда, 71 бет). Соғыстан кейінгі жыл-

## БОЛГАР - СОВЕТ ҚОҒАМЫ ОДАҒЫНЫҢ СЪЕЗІ АЯҚТАЛДЫ

СОФИЯ, 5 март. (СОТА). Болгар-совет қоғамы Одағының бесінші съезі өзінің жұмысын аяқтады. 4 март күнгі таңертеңгі және көшкі мәжілістерде одақтық Орталық Советінің есепті баяндамасы бойынша жарыссөздер жүргізілуде болды. Жұмысшылар мен шаруалардың, интеллигенцияның өкілдері — делегаттар өздерінің сөздерінде Болгария халқының Совет Одағына деген орасан зор сүйіспеншілігін білдірді. Съезд делегаттары мызғымас болгар-совет достығын бұрынғыдан да нығайтып, кеңейте беруді бірауыздан атап көрсетті.

Съезд Орталық Советінің есепті баяндамасы бойынша оның атқарған қызметін мақұлдайтын қарар қабылдап, Одақтың Уставына өзгерістер енгізді және басшы органдардың жаңа құрамын сайлады. Бейбітшілікті қорғауға бағытталған қарар зор өрлеу үстінде қабылданды.

Съезд прогресшіл адам баласының ұлы көсемі, таңдаулы досы және болгар халқының қорғанышы И. В. Сталинге құттықтау телеграмма қабылдады.

Сол сыяқты, съезд Болгария Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бас секретары және Болгария Министрлер Советінің председатели Вильво Червенковқа құттықтау қабылдады.

Болгар-совет қоғамы одағының Орталық Советінің жаңадан сайланған құрамының пленумында Орталық Советтің атқару комитетінің председатели болып доктор Иван Пашов сайланды.

## Кореядағы оқыйғалар ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 5 март. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі Халық



дырды. Соғысқа дейінгі 13 жылдың және соғыстан кейінгі бесжылдықтың ішінде елімізде 15 мыңдай кәсіргі заманның өнеркәсіпорындары салынды.

Соғыстан кейінгі жылдарда социалистік өнеркәсіп онан сайын мықтап өркендеді. 1951 жылы өнеркәсіп өнімінің көлемі соғысқа дейінгі 1940 жылғыдан екі еседен аса асып түсті. Өндіріс құралдарын жасайтын өнеркәсіп өндірістің жалпы көлемі жарынан 1951 жылы, соғысқа дейінгіден, 2,4 есе өсті. Сталин жолдас, халық шаруашылығының барлық салаларын жабықпен қамтамасыз ету үшін, ұлғаймалы ұдайы өндірісті жүзеге асыру үшін, ең алдымен өндіріс құралдары өндірісін ұлғайту керек деп үйретеді. Жаңа бесжылдықта да, тұтыну заттарының өндірісімен салыстырғанда, өндіріс құралдары өндірісін неғұрлым мықтап ұлғайту көзделеді. 1951—1955 жылдарда өндіріс құралдары өндірісін («А» тобы) ұлғайту қарқыны 13 процент, ал тұтыну заттарының өндірісін («Б» тобы) ұлғайту қарқыны 11 процент мөлшерінде белгіленді. Өндіріс құралдарының өндірісі бесжылдықта, шамамен, 80 процент, ал тұтыну заттарының өндірісі, шамамен айтқанда, 65 процент өсуге тиіс.

ССРО-да жоғары техника негізінде, озат советтік ғылымның табыстары негізінде, техникалық прогресс негізінде өндіріс үздіксіз жетілдірілуде. Біздің ауыр индустриямыз жаңа машиналар мен механизмдер, осы күнгі жабықтар өндірісін мейлінше кең көлемде ұлғайтты. Өнеркәсіптің барлық салалары осы машиналар мен, механизмдермен мол жабықталып келді және жабықталуда. Жаңа, неғұрлым жетілген технологиялық процестер, еңбекті және өндірісті ұйымдастырудың неғұрлым өнімді әдістері барған сайын кең қолданылуда. Советтік машина жасау

ішінде ауыл шаруашылығының өнімі небәрі 7 процент өсті. 1928 жылдан 1940 жылға дейінгі уақыттың ішінде ауыл шаруашылығындағы тракторлар саны 26,7 мыңнан 523 мыңға жетті. 1940 жылдан кейінгі уақыттың ішінде МТС-тер мен совхоздардағы трактор паркінің жалпы қуаты 59 процент, ал комбайндардың жалпы қуаты 51 процент өсті.

Соғыстан кейінгі дәуірде социалистік ауыл шаруашылығы, фашистік айуандардың орасан көп зыян келтіргеніне қарамастан, тағыда ірі аттап алға басты. Соғыстың аяқталуынан кейінгі үшінші жылдың өзінде-ақ астық өндірісі қалпына келтірілді, ал 1952 жылы астықтың түсімі 8 миллиард пұтқа жетті. Бұрын неғұрлым қиын және күрделі проблема болып есептелген астық проблемасы ойдағыдай шешілді.

Жаңа бесжылдық жоспар бойынша, ауылшаруашылық өнімінің өндірісі онан сайын ұлғайтылады, барлық ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығы арттырылады және мал шаруашылығының өнімі көбейтіледі.

Өнеркәсіп саласында сол сыяқты, ауыл шаруашылығы саласында бесжылдық жоспарды орындау өндірісін онан сайын мықтап өркендеуін қамтамасыз етіп, тарихи міндетті орындауды — елімізде тұтыну заттарының молшылығын жасауды едәуір тездетеді.

## II.

Сталин жолдасын көрсеткеніндей, товар айналымын бірте-бірте өнім айырбасымен ауыстыру жолымен колхоз меншігін жалпы халықтық меншік дәрежесіне жеткізу коммунизмге өтуге әзірлік жасаудың негізгі алғы шарттарының бірі болып табылады.

Сталин жолдас коммунистік құрылыс-

Еліміздің қоғамдық өндірісін үздіксіз ұлғайта беру негізінде ғана қажетті өнімдер молшылығын жасауға болады. Бірақ біз коммунизмге қарай неғұрлым алға басқан сайын, колхоздық меншік пен товар айналысы бұл міндетті орындауға солғұрлым бөгет бола береді. Еліміздің халық шаруашылығындағы өнiргiш күштер мен өндіріс қатынастары арасындағы бұл қайшылықты жою үшін, Сталин жолдас көрсеткендей, бір ғана жол бар. Ол — колхоздық-топтық меншікті бірте-бірте жалпыхалықтық меншік дәрежесіне жеткізу жолы. Бірақ, «колхоздық меншікті жалпыхалықтық меншік дәрежесіне жеткізу үшін колхоз өндірісінің басы артық өнімдерін товар айналысы системасынан шығарып, оларды мемлекеттік өнеркәсіп пен колхоздар арасындағы өнім айырбасы системасына қосу керек», (Сонда, 96 бет).

Социалистік өнеркәсіп пен колхоз өндірісі арасындағы өнім айырбасының бастама формаларының кәсіргі тәжірибесінің теория жағынан қорыға келіп, Сталин жолдас колхоздық-топтық меншіктен жалпыхалықтық меншікке бірте-бірте өтудің нақтылы жолдарын данышпандық көрегендікпен белгіледі. Мақта, зығыр, қант қызылшасын және басқа өнімдер өсіруші колхоздардың өнімдері үшін «товар беру» түріндегі өнім айырбасының кәсіргі бастамалары мұның мемлекетке де, колхоздардың өздеріне де сөзсіз пайдалы екенін көрсетті. Бұл колхоздардың қатарында бай колхоздардың өте көп болуы тегін емес. Сталин жолдас көрсеткендей, міндет мынада: «өнім айырбасының осы бастамаларын ауыл шаруашылығының барлық тарауларында қолдану керек және оларды өнім айырбасының кең системасына тартып дамыту керек, сөйтіп колхоздар өзінің өнімі үшін ақша ғана алып қоймай, көбінесе қажетті бұйымдар

алуға толық көшуге жағдай әзірлеу көзделді; 1950 жылмен салыстырғанда, 1955 жылы 8—10 кластардағы оқушылардың саны қалалық мектептерде 4 есе, селолық орта мектептерде 4,5 есе көбейтілуге тиіс.

Бұған байланысты мұғалімдер даярғуды ұлғайтып, халық ағарту органдарының жұмысын жақсарту керек. Жаңа бесжылдықта қалалық және селолық мектептер салу өткен бесжылдықтағыдан 75 процент ұлғайтылады.

«Жалпы білім беретін мектептердің социалистік тәрбиелік маңызын онан әрі арттыру және орта мектепті бітіретін оқушылардың мамандықты еркін таңдап алуына жағдай туғызу мақсатымен, — делінді съездің директиваларында, — орта мектепте политехникалық оқуды жүзеге асыруға кірісілсін және жалпыға бірдей политехникалық оқуға көшуге қажетті шаралар жүзеге асырылсын».

Еңбекшілердің мәдени-техникалық дәрежесін онан әрі арттырудың өрсең зор маңызы бар. Совет өкметінің өмір сүруінің алғашқы жылдарында «жұмысшылардың мәдени-техникалық дәрежесі өте төмен болды және техникалық қызметкерлердің дәрежесінен анағұрлым артта қалды» (И. Сталин. «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары», қазақ тілінде, 29 бет). Алайда социалистік құрылыстың барысында бұл жөнінде де едәуір өзгерістер жасалды. Социалистік жарыс жолында сыйпаз алды, ейігені, Сталин жолдас көрсеткендей, — «жұмысшылардың арасында тек қана техникалық минимумды меңгеріп қоймай, соны мен қатар онан әрі кеткен, техникалық қызметкерлердің дәрежесіне жеткен, техниктер мен инженерлерді түзете бастаған, болып келген нормаларды ескірген нормалар ретінде бұзған, жаңа, неғұрлым кәсіргі нормаларды, т. с. енгізген жолдастардың

жүзеге асыру жоғары басқандық болса, социализмнен кәсірге, қажетті ал келе жүзеге асыру. Бұл өтуді жүзеге экономикалық жағдайға тәрбиеленуді өту керек болады ішінде. — Сталин піндей, — еңбекшілер ғана болудан өмірдің ең бірінші меншік қоғамның майтын және қол айналады...» (Сонда, 96 бет).  
Сталин жолдас шарттардың бәрін кейін ғана «әркім өзінің еңбегіне қарай, өзінің қолымен» дегендік формулада қарай, өзінің көзімен коммунистік форманы

Коммунизмге өтетін туралы, асыру жолдары таңдауына данышпандық ізмді творчестволік үлгісі, маркестің номиға қосқан ең табылалы. Марк үшін және партия коммунистік қоғам бүкіл практикалық қағидалардың баға Сталиндік қағидалықаралық маңыз социализм орнату демократия елдерін дерін империализм өту күресінде қапбекшілеріне оларды көрсетеді.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39, Газет баспасы — 5-53, газет табыс е